

Әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларындағы, ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілер болып табылатын мамандарға қалалық жерде осы қызмет түрлерімен айналысатын азаматтық қызметшілердің лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға арттырылған лауазымдық жалақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 503 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 мамырда № 9228 болып тіркелді.

Әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларындағы, ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілер болып табылатын мамандарға қалалық жерде осы қызмет түрлерімен айналысатын азаматтық қызметшілердің лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға арттырылған лауазымдық жалақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 28.08.2025 № 204 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабы 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларында қызмет атқаратын , ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілер болып табылатын мамандарға қалалық жерде осы қызмет түрлерімен айналысатын азаматтық қызметшілердің лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға арттырылған лауазымдық жалақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 28.08.2025 № 204 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді).

2. Мәслихаттың "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы" 2018 жылғы 2 қарашадағы № 314 шешімінің (2018 жылғы 12 қарашада

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8079 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Р. Кушекбаева

А. Тюлюбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК